14.05.2020-ғы № ДС-94 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы

Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
«___» _____ 20 __ года

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е. Л. Тоғжановқа

2020 жылғы 13 мамырда
жарияланды

Депутаттық сауал
Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес өткен Жастар жылында жұмыс істейтін жастарға 3 мың пәтер сатып алу құқығынсыз жалға берілгені мәлім. Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында іске асырылған осы бағдарлама ірі мегаполистерде еңбек етіп жүрген жас отбасылар мен жалғызбасты жастарымыздың баспана мәселесін шешуіне оңтайлы мүмкіндік берді.

Еліміз қазір дүниежүзіне жайылған коронавирус пандемиясынан туындаған уақытша қиындықтарды абыроймен еңсеріп, көп ұзамай, қолға алынған игілікті істерді, соның ішінде, жұмыс істейтін жастарды тұрғынжаймен қамтамасыз ету бағдарламасын да одан әрі жалғастырады деп сенеміз.

Сонымен қатар, аталған бағдарламаны алдағы уақытта жүзеге асыру кезінде ескеретін кейбір өзекті мәселелерге назар аударғымыз келеді.

Біріншіден, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2019 жылғы 29 тамыздағы бұйрығымен бекітілген «Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларына» сәйкес бағдарламаға қатысушыдан кемінде 40 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төлем қабілеттілігін растау талап етіледі.

Бұл талапты орындау биыл қиындағаны анық. Өйткені, оның сомасы өткен жылы 101 мың теңгені құраған болса, үстіміздегі жылы 111 мың теңгеден асты. Жыл сайын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері арттырылуына байланысты бұл сома одан әрі өсе бермек.

Осыған орай бағдарламаға қатысқысы келетін жастардың тарапынан аталған қағидаларға өзгеріс енгізіп, жас отбасы мүшелерінің, яғни ерлі-зайыптылардың екеуінің жиынтық табысын есепке алу жөнінде өтініштер айтылуда. Осы жөнінде былтырғы 4 қарашада Парламент Мәжілісінде өткізілген, Жастар жылының қорытындыларына арналған «Үкімет сағатында» Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жұмыс істеп жүрген жастардың кіріс деңгейіне қойылатын талаптарды төмендету ұсынылған болатын.

Екіншіден, бағдарлама бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі айқындаған 100 сұранысқа ие мамандығы бар жастарға басымдық беріледі. Атап айтқанда, сондай мамандықтардың біріне ие жас жұмыскерге 10 балл қосылады. Мұндай артықшылыққа бүгінгі таңда өте қажет IT-мамандар, инженерлер, сәулетшілер, жобалаушылар және дизайнерлер ие. Сондай-ақ олардың қатарына бетоншылар, сылақшылар, ағаш ұсталары, тас қалаушылар, сантехниктер, слесарьлар, тракторшылар, комбайншылар, тігіншілер, электршілер, дәнекерлеушілер сияқты мамандықтардың иелері де қосылған. Алайда, мұндай артықшылық қазір қай қала мен өңірде болсын жетіспей отырған жас дәрігерлер мен мейіргерлерге, мұғалімдер мен оқытушыларға, мәдениет пен спорт қызметкерлеріне, ғалымдар мен журналистерге берілмеген болып шықты.

Осы ретте Алматы қаласының әкімдігі «Алматы жастары 3.0» жаңа тұрғын үй бағдарламасын қабылдап, жоғарыда аталған, 100 сұранысқа ие мамандық тізбесіне енбей қалған мамандықтарға ие жасмамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету ісін қолға алғанын сүйінішпен атап айтқан жөн.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Сіздің қарауыңызға мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2019 жылғы 29 тамыздағы №318 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғынжай беру қағидаларына» осы бағдарламаға қатысушылардың төлем қабілеттілігі бөлігінде өзгеріс енгізіп, жас отбасылардың жиынтық табысын есепке алу мәселесін қарастырған жөн;

2. Аталған бағдарлама бойынша басымдық берілетін 100 сұранысқа ие мамандық тізбесін кеңейтіп, оған денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт салаларының жас мамандарын, сондай-ақ жас ғалымдар мен журналистерді енгізу мәселесін қарастыру қажет;

3. Алматы қаласы әкімдігінің бастамасымен қолға алынған «Алматы жастары 3.0» жаңа тұрғын үй бағдарламасына қолдау білдіріп, оны басқа қалалар мен облыстарда тарату мүмкіндігін қарастырған жөн.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,
депутаттар, «Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері **К. Мұсырман**
З. Аманжолова

14.05.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Ә. Бектұрғанов

Орынд.: А. Канафина
Тел.: 74-62-21

14.05.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)